

УДК 372.851.02

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БІЛІКТІ КАДРЛАРДЫҢ ЕЛДЕН КЕТУ
МӘСЕЛЕСІ: ЭМИГРАЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Мұратхан Айдана Нұрланқызы

aidanamuratkhan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті, Аймақтану
мамандығының 3 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Нурбаев

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап миграциялық үрдістер қарқынды дамып келе жатыр. Қазақстан Республикасының «Көші-қон туралы Заңы» 1997 жылы 13 желтоқсанда

кабылданды. Ал халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастар, көші-қон процестерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін анықтау Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» Заңымен реттеледі.

Қазақстан Республикасының ұлттық саясаты көші-қон саясатын оның маңызды стратегиялық бағыттарының бірі ретінде қарастырады:

- сыртқы көші-қон саласында этникалық репатриацияны (оралмандарды) ынталандыру және білікті жұмысшы-мигранттарды тарту;

- ішкі көші-қон саласында экономикалық қажеттілікке сәйкес және аймақтардағы демографиялық жағдайды ескере отырып, халықты аймақтарға қоныстандыру мәселесін шешу [1, 216 б.].

1991 жылдары иммиграция мен репатриация жиі орын алса, соңғы он жылда эмиграциялық үрдістер жылдан жылға артып келе жатыр. Эмиграция алғаш рет тәуелсіздік жылдары орын алды. КСРО-ның ыдырауы мен 15 елдің өз егемендігін алуы экономика саласында біршама қиындықтар туғызды. Сонымен қатар Қазақстанда тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің басым көпшілігі өз отандарына оралды. 9 жылда елден 2,6 млн адам кеткен болатын.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Кейбір кездегі эмиграцияға оның да әсері тиеді. 2020 жылғы мәліметтер бойынша Қазақстанда көп тұратын ұлттар қазақтар, орыстар, өзбектер, украиндар, ұйғырлар, татарлар, немістер және т.б. Осы ұлттардың ішінде эмигранттар бойынша бірінші орында орыстар тұр. Мысалы, 2019 жылғы статистикаға сәкес елден кеткен эмигранттар саны – 32 733 адам. Екінші орында немістер – 3149 адам, үшінші орында украиндар – 2988 адам, ал төртінші орында қазақтар – 2173 адам. Бұл көрсеткіштер жыл сайын шамамен 300-400 адамға артып отырады [2].

Осы тұрғыда туындайтын сұрақ, орыс ұлтының өкілдері неге Ресейге тұрақты тұруға кетіп жатыр? Бірнеше жыл алдын дәл осындай жағдай неміс ұлтымен де кездескен болатын. Бұл жерде бірнеше себепті атап көрсетуге болады. Нақтырақ айтатын болсақ, орыс ұлтының этникалық отанына оралуы. Одан бөлек, тіл мәселесі және бәсекелестіктің болмауы немесе жұмыс іздеп баруы.

Ranking.kz сайтының ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес жасалған есептеулерінде 2019 жылы Қазақстаннан кеткендер саны 34,2 мың адам, ал келгендер 26,2 мың адам [2]. Ал Еуразиялық Экономикалық Одақтың әлеуметтік-демографиялық индикаторлар статистикасына сәйкес Қазақстан одақ елдерінің ішінде эмиграция бойынша көп бастап тұр. ЕЭО есебі бойынша тұрақты тұрғылықты жерін ауыстырған кезде ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдардың саны иммигранттар 12,8 мың адам, эмигранттар 45,2 адам. [3]

Эмиграцияға қандай факторлар әсер етуі мүмкін? Мысалы, діни, саяси немесе табиғи апаттарға байланысты, мемлекеттің өмір сүру деңгейіне байланысты немесе ЖОО-на оқуға бару, жұмыссыздық факторлары. Көп кездесетін себептер жұмыссыздық немесе карьерлік өсудің және бәсекелестіктің болмауы, ЖОО түсу мен елдегі өмір сүру деңгейінің сапасы. Эмиграцияның бірнеше түрін көрсетуге болады: жұмыс немесе оқу эмиграциясы, бизнес-эмиграция, тұру ықтиярхаты немесе уақытша тұруға рұқсат және жылжымайтын мүлік сатып алу арқылы.

Нарықтық қатынастардың дамуы және еңбектің жаңа формаларын қолдану қоғамның экономикалық-әлеуметтік бағытына үлкен өзгерістер алып келген болатын. Мұндай өзгерістер жұмыссыздықтың пайда болуына, мәжбүрлі миграция, жұмыс күшінің көрсеткіші сияқты проблемалардың тууына әсер етті. Осы проблемалардың бастауы ретінде еңбек нарығын ескеру қажет.

Көптеген мемлекеттерде кездесетін басты проблемалардың бірі – жұмыссыздық. Жұмыссыздық дегеніміз бұл экономикалық белсенді халықтың бір бөлігі жұмыс таппай, артық болып қалатын әлеуметтік-экономикалық құбылыс [4].

Жұмыссыздық мәселесі Қазақстан Республикасында да көрініс беріп отыр. Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №482-V «Халықты жұмыспен қамту» Заңына сәйкес жұмыссыздық - бұл жұмыс күшінің бір бөлігіне еңбек нарығында сұраныстың болмауынан туындаған әлеуметтік-экономикалық құбылыс деп көрсетіледі.

Еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдан бастап жұмыссыздық мәселесі экономикалық көрсеткіштерге тікелей әсер етуде. Мысалы, ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық Статистика бюросының ақпаратына сәйкес 2000 жылдары мемлекеттегі жұмыссыздық көрсеткіші 12,8% болған. Ал 2019 жылы 4,8% құраса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 5,1% артқан. Мұның себебі ретінде 2020 жылы барлық әлемде жаппай таралған COVID-2019 пандемиясын атап өткен жөн.

Жалпы Қазақстанда кездесетін жұмыссыздыққа әсер ететін факторлар ретінде Ұлттық Статистика бюросының мәліметтеріне сай өз еркімен жұмыстан шығу немесе жұмыс табу мүмкіндігінің болмауы және отбасылық жағдайларға байланысты сияқты көп кездесетін себептерді алға тартуға болады. Одан бөлек зейнетке шығу, ЖОО аяқтағаннан кейін жұмыс таба алмауы, банкротқа немесе қысқаруға ұшырау, маусымдық жұмыссыздық сияқты факторлар кездеседі.

Өткен жылдарды салыстыратын болса жұмыссыздық көрсеткіші жақсарып отырғанын байқауға болады. Алайда соңғы жылдары Қазақстанға көрші мемлекеттерден (Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия) жұмыс іздеп келетін азаматтардың саны артқан. Эксперттердің зерттеуі бойынша бүгінгі күні елімізде 1,5-2 миллион шет ел азаматтары жұмыс істеп жатыр. Сонымен қатар, Қазақстан азаматтары да өзге елге (Корея, Қытай, Еуропа елдері) жұмыс іздеп баруы жиілеген.

Еліміздегі жұмыс іздеген тұрғындардың өзге елге кетуіне тоқталсақ. Өйткені бұл жағдай қазіргі уақытта тез дамып келе жатыр және болашақта өзекті мәселердің біріне айналуы мүмкін. Қазақстан азаматтарының өзге елге кетуін екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, уақытша жұмыс істеуге баруы немесе маусымдық жұмыс. Мысал ретінде, соңғы 3-4 жылда Корея сияқты елдерге белсенді түрде жұмысқа кетуі. Әсіресе, жаз-күз мезгілдерінде және де көбінесе маусымдық жұмыс болғандықтан қазақстандықтар қара жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасында арнайы жұмыс күшіне қатысты келісім мен бағдарламалар болмағандықтан заңсыз жұмыс істеуге мәжбүр. Алайда бұл тұрғыда мәселелер жиі кездесе бермейді.

Негізінен әлемдік еңбек нарықтарында мигранттар жергілікті жұмысшылар арасында сұранысқа ие емес жұмыс орындарын иемденуге бейім. Бұл келесі іс-шаралар:

- «3D жұмыс орындары» - біліктілігі талап етілмейтін лас, қиын және / немесе қауіпті жұмыстар, оның ішінде қарқындылығы жоғарылаған жұмыстар (конвейер, құрылыс жұмыстары, табиғи шикізатты өндіру, тамақ өнімдерін қайта өңдеу және т.б.);
- бос уақыт пен ойын-сауық (соның ішінде химиялық тазарту, пицца жеткізу, тазалау, сауда және т.б.) саласында мемлекеттік қызмет көрсету саласында төмен немесе орташа біліктілікпен жұмыс істеу;
- жеке сектордағы күтім және техникалық қызмет (жеке үй шаруашылығындағы үй жинау және тазарту, балалар мен науқастарға күтім жасау және т.б.);
- экономиканың көлеңкелі және қылмыстық секторларындағы жұмыс («сол жақта» тіркелмеген фирмаларда, контрафактілік өнімдерді шығаруда және т.б.) [5].

Екіншіден, білікті кадрлардың елден кетуі (утечка мозгов) немесе кей кездері ақыл көші деп атайды. Білікті кадрлардың елден кетуі дегеніміз – эмиграциялық үрдістің бір бағыты, яғни жоғары білімді мамандардың, соның ішінде дәрігерлердің, мұғалімдердің, технолог пен инженерлердің және т.б. мамандардың елден кетуі.

Қазақстан азаматтары көбінесе Еуропа мен АҚШ сияқты жоғары дамыған елдерге жұмысқа кетіп жатады. Білікті кадрлардың таңдаған елдерінің ішінде бірінші орында АҚШ кездеседі. Одан кейін Россия, Германия, Канада, Ұлыбритания орын алады. Сонымен қатар, Австрия, Жапония, Швейцария, БАӘ сияқты елдер де бар.

Жапония, АҚШ, Батыс Еуропа елдерінде білікті кадрларды жинақтауда және осы бағытта арнайы жобалар да жұмыс жасауда. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі Статистика комитеттінің мәліметтері бойынша 2019 жылы жалпы 45 225 адам елден кеткен. Оның 38,3% жоғары білімі бар азаматтар болып табылады. Соның ішінде Ресеймен миграция 36 396 адам көрсеткішті құраған. Сонымен қатар, Германияға 2 573 адам, АҚШ-на 190 адам кеткен. Ал білікті мамандарға байланысты туындайтын мәселеге тоқталсақ, 2020 жылдың алғашқы 3 тоқсанында 15 жастан жоғары 11 400 адам елден кеткен. Ашып көрсететін болсақ 561 дәрігер, 387 заңгер, 280 сәулетші мен құрылысшы, ауыл шаруашылығы саласындағы 155 маман елден кетті.

Алайда, пандемияға байланысты шекаралардың жабылғанын ескерсек, бұл өткен жылдармен салыстырғанда 33,8% аз. Жалпы елден кеткендердің барлығынан мамандардың үлесі 54,3 % құрайды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда артқан, яғни 50,6% болған. Ал Қазақстанға келген жұмыс күші 3,5 мың маман. Бұл көрсеткіш Қазақстаннан кеткен кадрлардың үштен бір бөлігіне де жетпейді [2].

Қазақстаннан кеткен мамандар сол жұмыс істеуге баратын елінде тұрақты тұру немесе уақытша тұру бойынша тіркеледі: тұрақты тіркеу – бұл тұрғылықты жері бойынша тіркеу және уақытша тіркеу – бұл азаматтың 1 айдан артық уақытша келу (тұру) орны бойынша тіркеу [6].

Және де эмигранттар арнайы құжатқа ие болады. Яғни, тұрақты тұру дегеніміз Қазақстан азаматтарының өзге елге біржолата кетуі және төлқұжатта көші-қон туралы мәліметтердің берілуі. Ал тұру ықтиярхаты немесе уақытша тұру – өзге елде тұру визасы бойынша берілетін арнайы құжат.

Жоғарыда атап өткендей, АҚШ және Еуропа елдері білікті кадрларға байланысты көптеген іс-шаралар атқарып жатыр. Мысалы мамандарды елге тарту үшін Германияда «жасыл карта» (грин-карта), АҚШ-та H-1B, H-1C визалары, Канада мен Ұлыбританияда арнайы миграциялық бағдарламалар жұмыс жасайды. Эмигранттар баратын елдерде бағдарламалардың арнайы типтері бар. Мысалы, бизнес-иммиграция немесе инвестициялық иммиграция. Бағдарламалар типіне, статусына, тіліне, өтініш беруші тұлға кіммен келе алатыны, барған мемлекет аумағында болу уақыты, өзге елдерге шығуы және шығындарына байланысты ақпараттарды қамтиды. Еуропа елдеріндегі бағдарламаларға тоқталатын болсақ:

1. «Aufenthaltserlaubnis» – Германия Республикасындағы шетелдік кәсіпкерлер үшін бағдарлама. Типі бойынша бизнес-иммиграцияға жатады. Статусы бойы 1 жылға берілетін тұру ықтиярхаты, 3 жылға дейін созуға рұқсат. 3 жылдан кейін тұрақты тұруға ие бола алады. Бұл бағдарлама бойынша кете алатындар кәсіпкерлер және олардың отбасысы (18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер). Тіл білуі міндет емес. Құқықтық қолдау шығыны 5000 еуродан басталады.

2. «Carte de séjour temporaire "visiteur"» - Франция мемлекетіне кетуге арналған бағдарлама. Типі – бизнес-иммиграция. Статусы – қаржылық тәуелсіз адамдарға арналған тұру ықтиярхаты. Тіл білуі міндет емес. Өтініш білдірушілер мен оның отбасы кете алады. Құқықтық қолдау шығыны 7000-9000 евро арасында қамтиды.

3. «Bulgarian Immigrant Investor Program» - Болгария Республикасына жұмыс істегісі келетін инвесторларға арналған бағдарлама. Типі инвестициялық иммиграция. Статусы – тұру ықтиярхаты. Инвестицияға салған қаржыға байланысты 1 немесе 5 жылдан кейін тұрақты тұру құжатына ие бола алады. Бағдарлама инвесторларға арналған. Оның отбасы мен кәмелет жасқа толмаған балалары кете алады. Тілге қойылатын арнайы талаптар жоқ. Құқықтық қолдау шығыны 20 000 еуродан, қажетті инвестиция 512 000 еуродан басталады.

4. «EU Blue Card for Highly Skilled/Educated Workers» – Франция Республикасы, жоғары білікті мамандарға арналған бағдарлама. Статуы – тұру ықтиярхаты. Тілге қойылатын талаптар: француз тілін жұмыс істей алатындай жеткілікті деңгейде білу және кейбір жағдайда жұмыс берушіге байланысты болады. Құқықтық қолдау шығыны 2000 еуродан басталады.

5. «EB-2 NIW (National Interest Waiver)» – Америка Құрама Штаттарында тұру ықтиярхаты бойынша жоғары білікті мамандарға арналған бағдарлама. Статуы – тұрақты тұру (грин-карта). Тілге байланысты талаптар жоқ. Өтініш беруші мен оның отбасы мен 21 жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдер кете алады. Құқықтық қорғау шығыны 4500 доллардан басталады.

6. «Tier 1 (Exceptional Talent)» – Ұлыбритания мемлекетінде жоғары білікті мамандарға арналған бағдарлама. Статусы – тұру ықтиярхаты, 5 жылдан кейін тұрақты тұруға ие болады және 6 жылдан кейін азаматтық ала алады. Жоғары білікті IT технология саласының мамандары және оның отбасы мүшелері, яғни жұбайы мен балалары кете алады. Құқықтық қолдау шығыны 4000 фунт.

Осы көрсетілген бағдарламалармен айналысатын арнайы компаниялар бар. Мысалы, Германия мемлекеті үшін Kanzlei Ersöz, АҚШ үшін VisaPro Immigration Law Firm, BarristerCorp, Канада үшін World Migration Group компаниялары. Сонымен қатар Feod Group және Intelligent Solution Group LTD компаниялары Ұлыбритания, Канада, Кипр, Германия, Мальта, Португалия, АҚШ, Испания, Греция сияқты елдермен жұмыс істейді [7].

Эмиграциялық үрдістер мемлекетке және еңбек нарығына өзінің жағымды және жағымсыз әсерлерін тигізеді. Көші-қон процестерінің еңбек нарығына әсері туралы ғылыми зерттеулерді талдау мигранттарды қабылдайтын ел үшін жағымды және жағымсыз салдарларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, жағымды салдары ретінде біліктілігі жоқ жұмыс орындарын жұмыспен қамтамасыз ету, жұмыс күші дефицитінің проблемасын азайту, жұмыс күші көрсеткішіндегі жұмыссыздар санының төмендеуі және т.б. Ал жағымсыз салдары ретінде, ұлттық экономикалық көрсеткіштердің төмендеуі, бәсекелестіктің азаюы, жоғары білікті мамандардың кетуі, жастардың кетіп, үлкен кісілердің көбеюі (қарт кісілердің санының артуы), демографиялық көрсеткіштерге әсері.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәліметтері бойынша, елде білікті жұмыс күшінің кетуі және біліксіз жұмыс күшінің ағымы (кәсіптік білімі жоқ жұмысшылар) байқалуда. Бұл мемлекеттік шығыстардың ұлғаюына әкеледі: шетелге шығатын мамандарды ауыстыруды қамтамасыз ету; кәсіптік білім беруді және келген білікті емес жұмысшыларды оқытуды ұйымдастыруға.

Еңбекке қабілетті мигранттардың максималды таза кетуі техникалық, экономикалық және педагогикалық мамандықтарда байқалады. Бұл тенденциялар елдегі адами капитал сапасының нашарлауына алып келеді және жедел шешімдерді талап етеді [1, 222-223 бб.].

Қазақстандағы эмиграциялық үрдістер мен білікті кадрлардың кетуіне байланысты эксперттер әр түрлі пікірде. Білікті кадрлардың кетуі тенденцияға айналып бара жатыр. Көптеген эксперттердің пікірінше білікті кадрлардың кетуіне елдегі трайбализм мен үштілділік болу мүмкін дейді.

Білікті кадрлардың кетуін азайту үшін Қазақстан тарапынан іс-шаралар жасалып жатыр. 2019 жылы «Қазақстандағы көші-қон: проблемалар, тенденциялар, перспективалар» тақырыбындағы дөңгелек үстел барысын Еңбек министрі «Бұл туралы Еңбек министрлігі ғана емес, бүкіл үкімет, бүкіл мемлекет аландайды. Ең жақсы ақыл-ойлар Қазақстанда қалуы керек. Сондықтан, білім беру жүйесі бүгінде түбегейлі қайта қаралуда. Басқа елдерде. Білім министрлігі Бұл бағыт. Жұмыспен қамтудың тартымдылығы, қоғамдық өмірге қатысудың тартымдылығы мәселелері бойынша Ақпараттық және әлеуметтік даму министрлігі мен Еңбек министрлігі өткізетін бірқатар іс-шаралар бар », - деген болатын. [8]

Эмиграцияға бірден бір әсер ететін себеп елдегі өмір сүру деңгейі. Қазіргі таңда Қазақстанда осы бағытта урбанизация, индустриаландыру, «Мәңгілік ел», «Оңтүстіктен-Солтүстікке» қазақтандыру саясаты сияқты іс-шаралар жұмыс атқарып жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Курманова Г.К., Ким А.А., Уразова Б.А., Суханбердина Б.Б., Миграционные процессы в Казахстане и их влияние на трудовую миграцию // Вестник Национальной инженерной академии Республики Казахстан. – 2020. – № 2 (76), –215-223 б.
2. ҚР ҰЭМ Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық Статистика бюросы, Қазақстан Республикасының демографиялық жылнамасы <https://stat.gov.kz/> (қаралған күні 20.03.2021)
3. Социально-демографические индикаторы. Статистика Евразийского Экономического Союза. Январь – декабрь 2019 года: Статистический бюллетень/ Евразийская экономическая комиссия. – Москва, 2020. – 10 б. (43 б.)
4. Брайкер К.Х. Безработица и неполная занятость // Социологические исследования, 1993. № 10 – 101-108 б.
5. Тюрюканова Е. О влиянии миграции на рынок труда // Отечественные записки. – 2007. – № 4(37)
6. Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі, Тұрғылықты жері бойынша уақытша тіркеу <https://egov.kz/> (қаралған күні 21.03.2021)
7. Эмиграция, недвижимость и отдых по всему миру, Эмиграция из Казахстана <https://zagranitsa.com/> (қаралған күні 21.03.2021)
8. Дюсенгулова Р., Утечку мозгов из Казахстана прокомментировал министр труда, 5.12.2019 (қаралған күні 21.03.2021)